

Ақтау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 1293 "Ақтау қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және маршруттарын айқындау және бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 8 тамыздағы № 11-07/1349 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 9 тамызда № 4591-12 болып тіркелді

Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтау қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және маршруттарын айқындау және бекіту туралы" Ақтау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 1293 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4264 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жана редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. "Ақтау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтау қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтау қаласының әкімі

Е. Избергенов